

## Шалқар ауданы аумағында жүргізілген барлау жұмысы

Шалқар ауданы — Ақтөбе облысындағы ең ірі аудан. Физикалық-географиялық тұрғыдан жартылай шөлейтті және шөлейтті аумаққа жатады. Бұл — Ұлы және Кіші Борсық құмдары — ең ірі құмды алқап.

Археологиялық барлаудың мақсаты — Ақтөбе облысының Ескерткіштер жинағын құрастыру үшін Шалқар ауданы аумағында тарихи және мәдени ескерткіштерді анықтау мен тіркеу. Зерттеулер екі кезеңде, яғни ағымдағы жылдың маусым және қыркүйек айларында жүргізілді.

Аумақтың солтүстік-батыс бөлігінде Мұғалжар тау сілемдері еніп жатса, оңтүстік-батыс және батыс бағытында Шошқакөл қырқасы мен Шағырай жоны және Үстірт (Доңызтау) орналасқан.

Археологиялық деректер мен жаңа зерттеулер нәтижесінде Шалқар ауданының аумағында тұрақ, кеніш, қорған мен қасиетті орындар сынды археологиялық ескерткіштер тобы және кесене, мешіт, қоршаулар, т.б. этнографиялық (сәулет құрылыс пен архитектура) ескерткіштер кездеседі.

Биылғы жылы археологиялық барлаудың шығыс және оңтүстік-шығыс аумағы темір жол бойымен шектелді, оңтүстікте Қызылорда облысы шекарасымен шектесіп, батыс пен солтүстік бағытта Ұлы Борсық құмы аумағы мен оған 20-50 шақырым көлемінде енетін бөліктері барланды.

Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі археологиялық тобының барлау жұмыстары барысында түрлі археологиялық және этнографиялық ескерткіштер түрі анықталды. Бұл бағытта археологтар Аслан Мамедов, Нұрсұлтан Баиров, Нұршат Оразмағамбетов, Баубек Мелисов, Нұрбол Бидағұловтың еңбектерін ерекше айта кеткен жөн. Анықталған ескерткіштердің негізгі басым бөлігі тас ғасырының тұрақтары мен қола дәуірі, ерте темір ғасыры және орта ғасырларға қатысты қорғандар болып табылады.

Картаға түсіру барысында тас ғасыры ескерткіштерінің құмды алқапқа жақын және ежелгі тұрақтар немесе өз алдына бөлек тас өнімдер орны анықталды.

Б.з.б. II мың ж. — б.з. I мыңжылдыққа жататын тарихи-мәдени мұралардың дені Солтүстік Арал маңы бақташылары мен ежелгі кеншілер тұрғызын қорғандар тобы немесе жеке қорғандарды құрайды. Бұл аумақтағы қорымдардың көпшілігі мен жеке қорғандар гипсометриялық биіктікті орындарда орналасқан. Қорғандардың көлемі әр түрлі, айналасы дөңгелене қазылып, кейбіреулері ірі үйінділерден тұрады. Құрылымдық жағынан қорғандар топырақты, тасты және тасты-топырақты болып бөлінеді. Қазіргі таңда Шалқар ауданында 300-ге жуық ескерткіш бар.

Бір қызығы, Шалқар ауданында анықталған нысандар арасында ғұн-сармат кезеңіне жататын жерлеу-ғұрыптық орындары мен Ақтөбе облысының солтүстік және орталық аудандарына тән «мұртты» қорғандар бар. Бұл анықталған ескерткіштер арқылы Арал-Каспий аймағы мен ішінара Солтүстік Арал маңын мекендеген ежелгі тұрғындардың тарихы мен мәдениетін зерттеуге ғылыми негіз бола алады.

## Шөптікөл-І қорымының зерттелуі

Шөптікөл-І қорымы Ойыл ауданы аумағында, Көптоғай ауылынан 24,6 шақырым батыс бағытында орналасқан. Солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа қарай, арасы 1,23 шақырым болатын созылыңқы шыңжыр тәрізді шамамен 38 жерлеу-ғұрыптық нысандардан тұрады. Қорым нысандары Ойыл өзенінің сол жақ бөлігінде түрлі көлемді нысандар реттілігін құрайды.

Негізгі мақсат — ғұн-сармат дәуірі ескерткіштерін зерттеу. Міндеті — қорғандар мен гантель тәріздес құрылыстар мен II-IV ғ. ғ. тұрғындарының ғұрыптық жерлеу жүйесіндегі ғибадатханалардың орнын, жерлеу орындары арқылы ғұн-сармат қоғамында жерленгендер мәртебесін анықтау.

Қорымның оңтүстік-шығыс бөлігіндегі төрт нысанда қазба жұмыстары жүргізілді. Екі жақтан қазылған екі қорған ортақ ұзын үймекте бірігіп, гантель тәріздес құрылысты құрайтын ортақ кешенге айналған. Жақын маңда тағы екі қорған зерттеліп, оңтүстік-шығыс нысандарды құраған. Қорған үйіндісі топырақтан тұрады. Дөңгелек пішінде, жоғары бөлігі тығыздалған. Ережеге сай, әр қорған үйіндісі астында қорғанасты аланның әр түрлі бөлігінде орналасқан бір-бірден бейіт шұңқыры бар. Қорған үйіндісін қазу кезінде үй жануарының (жылқы) сүйектері кездесті.

Бейіттер тік бұрышты пішінді, солтүстік-оңтүстік бағытқа бағытталған. Бір бейіттің ұзын қабырғасын бойлай соғыла жанама іспетті жасалған (жерлеу камерасы). Бейіттер жеке дара. Мүрдені шалқайта арқасымен, басын солтүстікке бағыттап қойған. Кейбір сүйектің бассүйек пішіні әдейі деморфацияланған. Жерленген адамның ер немесе әйел адам екені заттарына қарап анықталды. Ілеспе заттары алуан түрлі. Ер адам бейітінен сақталымы нашар темір семсер, ат әбзелдері табылды. Әйел адам бейітіндегі заттар түрлі: қыш ыдыстар, қола айна, түйреуіш, тікпе айылбас, т.б.

Шөптікөл-І қорымының зерттелген қорғандарындағы жерлеу дәстүрі мен заттай мәдениет жәдігерлеріне қарап б.з II-IV ғасырларға тән екені анықталды. Жерлеу кешендерін сараптау арқылы оларды кейінгі сарматтық археологиялық мәдени ескерткіштерімен теңестіруге болады. Шөптікөл-І қорымы мен оған жақын орналасқан жерлеу-ғұрыптық кешендер б.з II-IV ғ. ғ. мекен еткен тұрғындардың құрылысы саналатын ортақ ескерткіштер тобын құрайды.

Кейінгі сарматтық археологиялық мәдениеттің ірі өкілдері болған тайпалық бірлестіктердің ірі қорымды кешендері боп саналады.

## Шеңбертал-І қорымының зерттелуі

Ескерткіштің ашылуы Ырғыз ауданындағы Шеңбертал ауылы маңынан табылған заттар туралы археологтарға хабар берген жергілікті тұрғын, өлкетанушымен (Сыдық Молдабеков) байланысты. Бұл ескерткішті зерттеу жұмыстары екі жылға жалғасты. Қазба жұмыстарын бастауға жерлеу орнындағы сүйектер мен заттардың жер бетіне шығып, бұзыла бастауы түрткі болды.

Негізгі мақсат — Ор-Ырғыз қосөзен аралығындағы ежелгі бақташылар мен кеншілер ескерткіштері мен мәдениетін зерттеу.

Ескерткіш Ырғыз өзенінің сол жағалауындағы құмды жерде орналасқан энеолит және қола дәуірінің тұрақтары мен қорым түрінде. Пайымдауымызша, ескерткіш орналасқан жерде энеолит дәуірінде тұрақ болуы мүмкін, оған түрлі тас заттар дәлел болып табылады.

Қола дәуірінде (б.з.б II мың ж.) ескерткіш аумағына қоныстанған Андронов мәдениетінің тұрғындары өз руластарын жерлеуге арнаған орынға айналдырған.

Б.з.б. II мыңжылдыққа жататын нысандар топырақты қорымдар мен тас қоршаулардан тұрады. Тас қоршаулар дөңгелек пішінді, тас блок және тақталардан жасалған. Тас қоршаулар қорымның солтүстік бөлігіне қарай көп шоғырланған, ал бейіттер осы тас қоршаулардың дәл ортасында кездеседі. Өкінішке қарай, ежелгі заманның өзінде тонаушылық әркетінен қорым жерінің пішіні мен көлемін ажырату мүмкін емес. Бейіт ішінде адам сүйектері мен қыш ыдыстардың қалдықтары ғана сақталған. Бейіт үстіндегі тас тақталар астынан қыш ыдыстар немесе қалдықтары табылды.

Шеңбертал-І қорымының екінші түрі топырақты бейіттер болып табылады, алайда қазіргі уақытта ешқандай жерүсті белгілері сақталмаған. Аз ғана бөлігінде тас тақталармен жабылған, бұл жабынды немесе бейіт үстіне қойылған белгі болуы мүмкін.

Бейіт ішіндегі жерленген мүрделер қырымен, аяғын бүгіп, қолдарын бассүйегі астына қойып жатқызылған. Бастары батысқа қарай бағытталған. Жерлеу дәстүрі бойынша қойылған заттары әдеттегідей: жоғары жақта қыш ыдыстар, шекелік және білезік әшекейлер, т.б.

Жерлеу дәстүрі мен табылған заттарға қарап бейіттерде әйел және балалар жерленген. Бейіт құрылысы мен ішіндегі заттар сараптамасы бойынша қорым кешенің б.з.б II мыңжылдыққа жатқызамыз.

Музей қызметкерлері осы аумақта қазба жұмыстарын жүргізу барысында Шетырғыз және Ырғыз өзендерінің қосылу тұсындағы (Өйтеке би және Ырғыз аудандары) ескерткіштерге барлау жасады. Нәтижесінде тас ғасырының орны, қола дәуірі мен ерте темір ғасырының қорымдары анықталды. Сонымен бірге экспедиция мүшелері Аққисық қорымы аумағын егжей-тегжейлі қарап шықты.

## **«Ғұн-сармат кезеңі ескерткіштерінің архитектуроналық және кеңістікті сараптамасы» жобасы бойынша археологиялық барлау жұмысы**

Ақтөбе облысының батыс бөлігі зерттеуге жататын негізгі аумақ болып табылады. Барлау жұмыстарының көбі Ойыл ауданында, Көптоғай ауылдық округі аумағында жүргізілді. Археологиялық барлау жұмысы нәтижесінде Ойыл өзенінің сол жағалауындағы ескерткіштер Самбай-I, Шөптікөл-I и II, Ақшатау-II и IV, Көптоғай-I-IV және т.б. Ескерткіштердің дені судан жоғары жерде орналасқан және топырақтан үйілген жерлеу және ғұрыптық нысандарының ірі кешенінен тұрады.

Жұмыс мақсаты — б.з II-IV ғ. ғ. жерлеу-ғұрыптық кешендерін анықтау және тіркеу, осы кезең ескерткіштерінің шоғырлануы басым микроаудандарын анықтау.

Қорымдар қорғандар, гантель тәріздес және төртбұрышты құрылыстар т.б. тұрады. Қорымдардың көбі өзенді жағалай созыла орналасқан, нысандар шынжырлы реттілікті құрайды.

Аудандағы ескерткіштердің картографиялық зерттеуі барысында олардың Ойыл өзені мен салаларына байланысты екені анықталды. Аумақ картасындағы ғұн-сармат кезеңінің ескерткіштері төрт топты құрады. Негізгі ірі тобы Ақшатау, Көсембай және Қоңырат (Ойыл өзені) ауылдары аумағында орналасқан. Екінші топтағылар Қиыл өзенінің оң жақ бөлігіндегі Шикұдық ауылында. Үшінші тобы Ойыл ауданының солтүстік бөлігінде, Жақсыбай өзені салалары мен сайларды бойлай топтасқан. Төртінші топтағы ескерткіштер биыл зерттелді және Ойыл ауданының батыс бөлігінде орналасқан.

Ойыл ауданы ескерткіштері Қазақстанның орталық аймағынан басталып, солтүстік-батыс бағытта Орал өзеніне және батысқа қарай созылған ғұн-сармат кезеңінің ескерткіштерінің жалғасы екені белгілі. Бір қызығы, облысымыздың солтүстік және оңтүстік аудандарда бұл ескерткіштердің саны азаяды және қорғандар жеке өз алдына топтарды құрамайды. Қазіргі уақытта Ақтөбе облысында б.з II-IV ғ. ғ. жататын ескерткіштер шоғырланған бірнеше микроаудандар белгіленген.

Ғарыштық фотосуреттерді бажайлау, аэрофотосуреттер мен қорым нысандарындағы қазба жұмыстарынан Батыс Қазақстан аумағында б.з II-IV ғ. ғ. кейінгісарматтық аталатын өзіндік мәнге ие мәдениетті мұраға қалдырған ірі тайпалық одақтардың өмір сүрген орны екендігі анықталды.

## Қаздыарал-I орнындағы апаттық зерттеулер

Ескерткіш Ойыл өзенінің сол жағалауында, Қаратал ауылынан 1,9 шақырым оңтүстік-батыс бағытта орналасқан. Құмның қалдықты төбелерінде тас ғасыры мен ортағасырлық түрлі заттарымен бірге табылды.

Жұмыстың басты мақсаты — Қаздыарал-I орнындағы апатты жерлеулерді зерттеу. Алғаш рет ескерткіш 2012 жылы анықталды. Қаратал ауылының тұрғындары аудандық музей қызметкерлеріне мүрде сүйектері мен археологиялық заттардың табылғанын айтып, хабар берген. Сол жылдың сәуір айында облыстық тарих, этнография және археология орталығы және Ш.Берсиев атындағы аудандық музей қызметкерлері бірігіп, аумақты қарап табылған заттарды жинау жұмыстарын жүргізді.

2020 жылы Қаратал ауылының тұрғындары тағы мәрте заттарды, соның ішінде сүйір түбі бар қыш ыдыс табылды. Осы жылы шілде айында облыстық тарихи-өлкетану музейі мен аудандық музей қызметкерлерінің бірігуімен аумақта тағы да тексеру жұмыстарын атқарды. Нәтижесінде ескерткіш орнында жаңадан археологиялық заттар және түрлі уақыттағы бейітүсті құрылыстары жоқ жерлеу орындары жер бетіне шығып, ашық күйде бұзылу процесіне ұшырағаны анықталды.

2020 жылдың қазан айында облыстық тарихи-өлкетану музейі ұйымдастырған археологиялық экспедиция нәтижесінде түрлі хронологиялық шеңбердегі бірнеше жерлеу орындары зерттеліп, тасымалданатын заттай жәдігерлер жинап алынды.

Археологиялық тас олжалар түрлеріне қарап ескерткіш орналасқан аумақтың неолит дәуірінде игерілгенін айтуға болады.

Ескерткіш аумағында б.з.б III мыңжылдықта бірінші жерлеу орындары пайда болған. Оған солтүстік-батыс бөлігіндегі жұптық жерлеу орны мысал бола алады. Жерленген сүйек шалқасынан, аяқтарын бүгіп, бастары солтүстік-шығысқа бағытталап жатыр. Қанқа жанында мүйізді ұсақ мал сүйектері табылды.

Қаздыарал-I орнындағы б.з.б II мыңжылдыққа тән жерлеудің орналасу ерекшелігі бар. Құмды алаңның орталық бөлігінде қола дәуірінің жерлеу орны орналасқан. Пішіні (дөңгелек, төртбұрышты) мен бағытталуы әр түрлі. Өкініштісі, табиғи бұзылу мен қарақшылық тонау әсерінен археологиялық олжалар аз, бірнеше сүйектер мен қыш ыдыстар қалдықтары ғана табылды. Солтүстік-батыс бөлікте тағы бір жерлеу орны табылды. Қанқа сүйектерінің сақталуы өте нашар. Жерленген сүйек маңында қола пышақ, шекеліктер, қыш ыдыс қалдығы мен моншақ бар.

Ерте темір мен орта ғасырларға жататын жерлеу орындары солтүстік-шығыс бөлікте орналасқан. Бұл кезең бейіттері құмды топырақта немесе қабір шұңқырында кездеседі. Заттары алуан түрлі: қола және темір жебе ұштары, ыдыс немесе оның қалдықтары, шекелік әшекейлер, т.б.

**Аслан МАМЕДОВ,**  
**облыстық тарихи-өлкетану музейінің ғылыми қызметкері, археолог.**